

**«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМДІ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Оқу ағарту министрілігі
Сараптамалық кеңестің хаттамасы
_____ ж. № _____

«БЕКІТІЛГЕН»

ХҒБДО директорының
бұйрығымен
_____ ж. № _____

**«Білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар
балаларды логопедиялық сүйемелдеу»
педагогтердің біліктілік арттыру курсының
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Оқыту нысаны: күндізгі/қашықтықтан

Мақсатты аудитория: білім беру ұйымдарының логопедтері,
дефектологтары, арнайы білім беру саласындағы педагогтері

Сағат саны: 80 сағат

Орал қ.
2025 жыл

ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:

Джонисова Гүлжиян Кабдолғалиевна - ХҒБДО тренері, педагогика ғылымдарының кандидаты;

Султаниязова Насия Жалауовна - ХҒБДО тренері, "Әлеуметтік ғылымдары" мамандығы бойынша философия докторы (PhD)

Койбагарова Дидар Кожагельдиевна – «Super star» логопедиялық орталығының негізін салушы, логопед-маман;

Кадыржанова Ж.Е. – Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялар университеті педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, психология ғылымдарының кандидаты;

Байбулатова Айнагуль Исенбаевна – Орал жоғары гуманитарлық-экономикалық колледжінің арнайы пәндер оқытушысы, дефектолог;

Буентаева Менсұлу Абилгазиевна - Орал қаласы “Айяна” бөбекжайының меңгерушісі, педагог-зерттеуші;

Кудайбергенова Балмира Саматқызы – Орал қаласы №19 ЖОББМ дефектологы.

МАЗМҰНЫ

1 – бөлім	Жалпы ережелер	4 бет
2 – бөлім	Глоссарий	9 бет
3 – бөлім	Бағдарлама тақырыбы	11 бет
4 – бөлім	Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері	15 бет
5 – бөлім	Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны	16 бет
6 – бөлім	Оқу процесін ұйымдастыру	30 бет
7 – бөлім	Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	31 бет
8 – бөлім	Оқу нәтижелерін бағалау	32 бет
9 – бөлім	Курстан кейінгі қолдау	34 бет
10 – бөлім	Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі	35 бет

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«Білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды логопедиялық сүйемелдеу» тақырыбында педагогтардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы білім беру ұйымдарының логопедтеріне, дефектологтарына, арнайы білім беру саласындағы педагогтеріне арналған.

Бағдарлама төмендегі негізгі нормативтік – құқықтық актілерді, ережелер мен талаптарды ескере отырып жасақталған:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» №319-III Заңы;

2. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы;

3. «Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1143 қаулысы;

4. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы;

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары» туралы 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы;

6. «Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы;

7. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы;

8. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР 2002 жылғы 11 шілдедегі №343 Заңы;

9. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ;

10. Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларды оқытуда білім берудің саласының ұстанымдары, саясаты және тәжірибелік іс-әрекеті туралы Саламан декларациясы;

11. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын және бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы;

12. «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы;

13. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

14. «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы;

Қазақстан Республикасының Заңнамасында адам құқықтары саласындағы негізгі халықаралық құжаттарға сәйкес елдің барлық балалары үшін білім алуға тең құқықтар қағидаты көзделеді. Балалардың білім алу құқығының кепілдіктері Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасындағы «Бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық- педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарында бекітілген.

Барлығы үшін сапалы білімге қол жеткізуде тең құқықтардан тең мүмкіндіктерге қарай дәйекті қадамдар жасай отырып, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысынада инклюзивті білім беруді дамытуды маңызды міндеттердің бірі ретінде айқындайды.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыруларды енгізу (ҚР Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ) жүзеге асырылады. «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығына және “Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрықтарына талдаулар жүргізіліп, бағдарлама мазмұнында толықтай ашылған.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру белсенді дамып келеді. Халықаралық білім беру практикасында таратылған барлық білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, сапалы білім алуға тең құқықтар қағидаты жалпы білім беру ұйымдарының логопедтерінен осы балалар үшін арнайы оқу жағдайларын жасауды және оларға тиісті психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз етуді талап етеді.

Жалпы білім беру ұйымдарының логопедтері үшін біліктілікті

арттырудың жекелеген курстарын өткізудің өзектілігі мен қажеттілігі Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар, оның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды алып жүруге мектеп логопедтерінің жеткіліксіз дайындығы арасындағы қайшылыққа байланысты. Жалпы білім беретін мектептердің логопедтерінің кәсіби қажеттіліктерін талдау көрсеткендей, мамандардың көпшілігі біліктілікті арттыру курстары мен әдістемелік ұсыныстарда өздерінің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруда маңызды ресурс ретінде қарастырады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕББҚ) бар балаларды қолдау, инклюзивті білім беруді дамытудың маңызды бағыты ретінде қарастырылады. Логопедиялық сүйемелдеу – бұл балалардың тілдік дамуын қолдауға, сөйлеу кемшіліктерін түзетуге және олардың әлеуметтенуіне көмектесуге бағытталған кәсіби психологиялық-педагогикалық қызмет түрі.

Логопедиялық сүйемелдеу – білім беру процесіне қатысатын логопед маманының сөйлеу тілі бұзылған балаларға психологиялық, педагогикалық және коррекциялық қолдау көрсету жүйесі. Бұл қызмет:

- тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, дыбыстық және семантикалық құрылымдарын қалыптастыруға бағытталады;
- балалардың оқу мен жазу дағдыларындағы бұзылыстарды түзетуге ықпал етеді;
- баланың коммуникативтік қабілеттерін дамыту арқылы оның жалпы оқу үлгерімін жақсартады;
- ата-аналармен және педагогтармен өзара тығыз жұмыс істеуді көздейді.

Бағдарламаның өзектілігі. Соңғы жылдары инклюзивті білім беру аясында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың саны артуда. Бұл балалардың басым бөлігі сөйлеу тілінің түрлі бұзылыстарынан зардап шегеді (жалпы сөйлеу дамуының кешеуілдеуі, дизартрия, алалия, фонетико-фонематикалық бұзылыстар, тұтықпа және т.б.). Бағдарламаның жаңалығы алғаш рет ерекше білім беру қажеттіліктері бар, оның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларға логопедиялық сүйемелдеу және түзету-дамытушылық көмек көрсету жөніндегі қызметті ұйымдастыру мен мазмұнында заманауи тәсілдер баяндалатындығына байланысты.

Өзектілігін негіздейтін факторлар:

- ЕББҚ бар балалар санының өсуі;
- мектепке дейінгі және мектептік жаста сөйлеу тілі бұзылыстарының жиі кездесуі;
- логопед мамандарына деген жоғары сұраныс;
- жалпы білім беру бағдарламаларын меңгеруде сөйлеу бұзылыстарының кедергі болуы;
- әлеуметтік және психоэмоционалдық бейімделудегі қиындықтар.

Бұл жағдайлар логопедиялық сүйемелдеуді білім беру ұйымдарында кешенді түрде енгізудің қажеттілігін көрсетеді. Білім беру бағдарламасы

болашақ логопед мамандарды кәсіби түрде дайындауға, теориялық және практикалық білімдерін тереңдетуге бағытталған.

Қазақстандық логопедиялық қызмет жүйесі Кеңес дәуірінен қалған дәстүрлі негізге сүйеніп дамып келеді. Қазіргі кезде, Р.Е. Левина, Т.Б. Филичева, Г.В. Чиркина, Н.А. Никашина, В.И. Селиверстов сияқты ресейлік авторлардың еңбектері белсенді қолданылады. Сонымен қатар, қазақ тілді ортада логопедиялық әдістерді бейімдеу және жаңғырту бағытындағы қадамдар жасалуда (мысалы, қазақ тіліндегі дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктері бойынша әдістемелік құралдар дайындалуда); логопед мамандары қазақ тіліндегі сөйлеу бұзылыстарын зерттеуде жаңа әдістерді іздестіруде.

Логопедиялық көмек көрсету жүйесі әлемнің көптеген елдерінде дамыған. Мысалы, АҚШ пен Канадада – сөйлеу және тіл терапиясы жеке бағдарлама арқылы, жоғары технологиялық құралдарды қолдана отырып жүргізілсе, Финляндия, Швеция – инклюзивті білім беру үлгісі бойынша логопедтік қызмет бала бақшадан бастап мектепке дейін үздіксіз ұсынылады. Германияда – логопедиялық көмек медициналық-педагогикалық орталықтар арқылы көрсетіледі.

Шетелдік тәжірибелерді негізге ала отырып, бағдарламада логопедиялық сүйемелдеуде ойын, сенсорлық және арт-терапия әдістерді кеңінен қолдану көрініс тапқан. Шетелдік тәжірибелерден алынған озық әдістерді отандық білім беру жүйесіне енгізу — бағдарламаның дамуына жаңа серпін береді. Бұл әсіресе көптілді ортада сөйлеу дамуын қалыптастыруда аса маңызды.

Инклюзивті оқытудың негізгі идеяларын ашатын аталған ережелер оның құндылықтары мен бағдарларын анықтайды, онда барлық балалар әртүрлі оқу қажеттіліктері бар жеке тұлғалар болып табылады. Сондықтан осындай топтағы білім алушылар үшін олардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын тиімді, арнайы әдістеме қажет. Бағдарламада ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін орта білімнің қолжетімділігін арттыру үшін мемлекеттік саясаттың жетістіктері қаралып, жаңа үрдістерді енгізу туралы ойлар сарапқа салынады. Бағдарламада барлық балаларды, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беру кеңістігіне қосудың қажетті нормативтік-құқықтық негізін құруға ықпал ететін іс-шаралар айқындалған. Сондай-ақ, бағдарламаның ерекшелігі, «Білім туралы» заңы аясында, сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалармен жұмыстану үшін логопедтердің жаңа әдістемелірін жасақтау. Ол әдістемелер, логопедтік жеке орталықтар мен осы салада мамандар даярлайтын білім беру ұйымдарымен бірлесе отырыпы жасақталуы.

Білім беру бағдарламасы жалпы білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сүйемелдеу бойынша логопедтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған және сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға логопедтік көмек көрсетуде логопедтердің кәсіби жұмысының сапасын арттыруға ықпал ететін болады.

Логопедиялық сүйемелдеу – бұл тек сөйлеу тілі бұзылыстарын түзету

емес, баланың тұтас дамуына әсер ететін кешенді психологиялық-педагогикалық қызмет. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуетін ашу, олардың қоғамға бейімделуіне ықпал ету – логопедтің басты мақсаты.

Осы білім беру бағдарламасы логопед мамандарын заманауи талаптарға сай дайындауға, ұлттық және халықаралық тәжірибені ұштастыруға мүмкіндік береді. Бағдарламаның ғылыми-әдістемелік негізі мен практикалық бағыты оны білім беру жүйесіндегі өзекті, қажетті және болашағы зор етеді.

Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығымен бекітілген «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қағидаларына (өзгерістермен: «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 384 бұйрығы) сәйкес дайындалды.

2. ГЛОССАРИЙ

«Луллий шеңберлері» технологиясы - балалардың интеллектуалды және шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін қолданылатын ойын оқыту әдісі.

Адаптация – адамның жаңа ортаға, жағдайға, әлеуметтік талаптарға немесе өзгерістерге бейімделу үдерісі.

Аромотерапия - бұл адамның физикалық, эмоционалдық және психологиялық жағдайын жақсарту үшін табиғи өсімдік сығындылары - эфир майларын қолданатын емдік тәжірибе.

Арт-терапиялық әдістер - психотерапия мен психологиялық түзетулердегі жұмыстарда өнер мен шығармашылықты қолдану.

Әлеуметтік бейімдеу - жеке адамның қоғамдағы жаңа әлеуметтік жағдайларға, нормаларға, талаптарға және әлеуметтік рөлдерге икемделу үдерісі.

Биофидбэк - физиологиялық көрсеткіштерді тіркеп, кері байланыс арқылы оларды басқаруға үйрететін психофизиологиялық тренинг әдісі.

Білім алу үшін арнаулы жағдайлар - ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, оқу, сондай-ақ арнаулы, жеке дамыту мен түзеу-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдауды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар.

Виммельбух технологиясы - балаларды дамыту үшін пайдаланылатын мәтінсіз сурет кітаптарына негізделген, кейіпкерлер, заттар мен сюжеттік желілер біртұтас семантикалық композицияға біріктірілген жарқын және егжей-тегжейлі иллюстрациялы оқыту технологиясы.

Друдлер - бұл логикалық ойлау мен қиялды дамытуға арналған қысқа, күлкілі суреттер.

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау - білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау.

Ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) - тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар).

Қашықтықтан білім беру технологиясы - білім алушы мен педагог қызметкердің жанама түрде, алыстан немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту.

Литотерапия әдісі - бұл емдік мақсатта тастар мен минералдардың энергетикалық, физикалық қасиеттерін қолданатын баламалы емдеу тәсілі.

Логопедиялық массаж – сөйлеу бұлшықеттерінің (тіл, ерін, бет, жақ) тонусын реттеу, артикуляциялық аппараттың қозғалыс дағдыларын жақсарту

және сөйлеу бұзылыстарын түзету мақсатында қолданылатын арнайы терапиялық массаж әдісі.

Логоритмика – сөйлеуді дамыту және түзету мақсатында қимыл, музыка және ырғақты жаттығуларды біріктіретін коррекциялық-педагогикалық әдіс.

Луллий шеңберлері - балалардың сөйлеу және интеллектуалдық-шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұғымдар арасындағы байланыстарды анықтауды және күрделі идеяларды құрастыруды жеңілдететін айналмалы шеңберлер жүйесі.

Мнемотехника – есте сақтау қабілетін арттыруға арналған әдістер мен тәсілдер жиынтығы.

Нейропсихология - адамның психикалық үдерістері мен мінез-құлқының ми құрылымдарымен байланысын зерттейтін ғылым саласы.

Проппа карталары – ертегі кейіпкерлерінің типтік функцияларын, оқиғалық элементтерді және әрекет қатынастарын визуалды түрде көрсетуге арналған карточкалар жүйесі.

Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру – білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет.

Саусақ ойындары – балалардың қол және саусақ бұлшықеттерін дамытатын, моторика мен координацияны жетілдіретін, сондай-ақ сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға көмектесетін ойын түрлері.

Сөйлеу ритмі – сөйлеудің ырғақтық құрылымы, яғни дауыстың көтеріліп-түсуі, екпін, тыныс алу және сөздердің уақыттық ұзақтығы арқылы қалыптасатын сөйлеу үні мен қарқынының үйлесімі.

Тейп әдісі - сөйлеу тілі бұзылған балалармен жұмыс жасауда, бұлшықет тонусының бұзылуы мәселелерін шешуде қолданылатын инновациялық нейропсихологиялық әдіс

Эхолалия - естілетін дыбыстардың, сөздердің немесе сөз тіркестерінің еріксіз қайталануы.

3. БАҒДАРЛАМА ТАҚЫРЫБЫ

Бағдарламаның жаңашылдығы, оқыту кезінде курс тыңдаушылары мазмұны олардың өзектілігін көрсететін бір-бірімен өзара байланысты 6 модульді зерттейді. Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасында алғаш рет балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, жеке-дамытушылық бағдарламаларды, ауызша және жазбаша сөйлеу қабілеті бұзылған ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен түзету-дамытушылық жұмыстың заманауи әдістері мен технологияларын әзірлеу бойынша логопед қызметінің тәртібі мен мазмұны баяндалады. Бағдарлама теория мен практиканы ұштастыра отырып, сала бойынша мазмұнды терең түсінуді қамтамасыз етеді. Модульдік құрылымға негізделген бағдарлама логопедтердің дайындық деңгейлеріне бейімделіп, базалық тақырыптарды кезең-кезеңімен жүйелі түрде меңгеруге мүмкіндік береді.

Бағдарламаның жаңалығы келесі элементтерден тұрады:

1. Теория мен практиканың байланысы:

- Әр-бір теориялық ұғымды практикалық тапсырмалармен байланыстыра отырып құрылған;
- Оқыту барысында тек негізгі ұғымдар ғана емес, оларды нақты педагогикалық және әдістемелік міндеттерді шешуде қолдану да үйретіледі;
- Теориялық тұжырымдамалар бірден практикалық тұрғыда тексеріледі нәтижесінде педагогтер балармен жұмыс жасаудың негізгі дағдыларын игереді.
- Нақты жағдайларды (кейстерді) талдау, диагностикалық тапсырмалар мен түзету жұмыстарын модельдеу қарастырылады.

2. Әр тақырыпты практикалық тұрғыдан жан-жақты талдау:

- Барлық тақырыптар тапсырмаларды орындау арқылы игеріледі;
- Оқыту тек арнайы білім берудегі базалық тұжырымдамаларын меңгеруге ғана емес, сонымен қатар, оларды нақты педагогикалық және әдістемелік міндеттерді шешуде қолдануға бағытталған.

3. Оқыту тақырыптарын білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды логопедиялық сүйемелдеу кезіндегі хаттамалар мен тәжірибелік жұмыстар, диагностикалардың нәтижелері негізінде тандау.

- Ең көп қиындық тудыратын жұмыстар;
- Медициналық-психологиялық-педагогикалық қолдау және сүйемелдеу;
- Сала бойынша өңірге танымал педиатрлардың, невропотолгтардың, нейропсихологтардың лекторлыққа тартылуы.

4. Мазмұнының икемділігі және педагогтердің деңгейлеріне бейімделуі:

- Педагогтер үшін тапсырмалар күрделіліген оңайлығына дейін ұсынылған;
- Материалдарды меңгерудің баламалы әдістері енгізілген, яғни, видеодерістер, онлайн платформалар.

5. Инклюзивті білім беруге бағытталған:

- Бағдарлама инклюзивті білім беру талаптарына толық сай келіп, ерекше

білім беру қажеттіліктері (ЕББҚ) бар балаларды жалпы білім беру кеңістігінде қолдау көрсетудің тиімді тетіктерін ұсынады.

6. Заманауи логопедиялық технологияларды қамтуы:

- Артикуляциялық жаттығулардың цифрлық құралдары, интерактивті әдістер, мобильді қосымшалар және мультимедиялық ресурстарды қолдану үйретіледі.

Сондай-ақ, бұл бағдарламаның басқа бағдарламалардан айырмашылығы, тыңдаушыларға практикалық жұмыстардың едәуір көлемі және нақты көмекші құралдарды өз бетінше әзірлеу арқылы кешенді кәсіби дамудың бірегей мүмкіндігін беру болып табылады.

Ерекшеліктері:

- Дифференциалды оқыту тәсілдері: әртүрлі даму деңгейіндегі балалармен жұмыс істеу тәсілдері, соның ішінде сөйлеу тілі бұзылыстарының әртүрлі формаларына (ФФН, ОНР, ТНР, алалия, дизартрия және т.б.) сай әдістемелер қарастырылады.

- Практик-мамандармен кері байланыс: курсты тәжірибелі логопедтер, дефектологтар, медицина мамандары мен арнайы педагогтер жүргізіп, нақты әдіс-тәсілдермен бөліседі.

- Сөйлеуді дамыту мен коммуникацияны қолдауға бағытталған: альтернативті және қосымша коммуникация (ААҚ) құралдарын қолдану жолдары енгізілген.

- Оқу ортасын бейімдеу: сыныпта, топта немесе арнайы бөлмеде ЕББҚ бар балаларға логопедиялық қолайлы жағдай жасау жолдары үйретіледі.

- Құжат жүргізу дағдылары: логопедтің құжаттарын (бақылау, диагностика, жұмыс жоспары, нәтиже есебі) дұрыс толтыру үлгілерімен жұмыс жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен 2022-2024 жылдары келісілген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізімін зерделеу кезінде тақырып бойынша бұрын қарастырылған. Дегенмен, бағдарламаларда тек дәстүрлі технологиялар ғана қарастырылып, балалардың сөйлеуін дамытудың заманауи білім беру технологиялары көрініс таппаған. Бекітілген бағдарламаларда, логопедтың кәсіби қызметінің клиникалық және педагогикалық негіздері ашылмаған.

Бұл бағдарлама педагогтерге тек теориялық білім ғана емес, нақты практикалық дағдылар береді. Жаңартылған мазмұны мен икемді құрылымы арқылы логопедиялық қолдаудың сапасын арттырып, әрбір баланың мүмкіндігін толық ашуға мүмкіндік береді.

Кесте – 1. Модуль атауы мен бағдарлама тақырыптары

№	Бағдарлама модульдері/ Бағдарлама тақырыптары
1	2
1 - модуль. Нормативтік-құқықтық Оқыту нәтижесі: білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін арнайы жағдайлар жасау тәсілдеріне нормативтік-құқықтық негіздеме беруге қабілетті, инклюзивті білім берудің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық негіздерін түсінуі, талдауы және пайдалануы	
1.1.	ҚР Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары
1.2.	Логопедтің кәсіби қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер
2 - модуль. Арнайы педагогиканың негіздері Оқыту нәтижесі: білім беру ұйымдарында балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін өтеу алгоритмдері мен әдістерін меңгереді	
2.1.	Сөйлеу әрекетінің қалыптасу заңдылықтары мен ерекшеліктері
2.2.	Сөйлеуді дамыту мен тілді оқытудың әдістемелік тәсілдерін талдау
2.3.	Сөйлеуді дамыту бойынша жұмыс жүйесі
3 - модуль. Логопедтің кәсіби қызметінің клиникалық және педагогикалық негіздері Оқыту нәтижесі: логопедтің кәсіби қызметінің клиникалық және педагогикалық негіздерін меңгере отырып психологиялық- педагогикалық қолдаудың негізгі дағдыларын көрсету.	
3.1.	Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің және қалыпты патологиялық даму заңдылықтары негіздері
3.2.	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен медициналық-психологиялық-әлеуметтік-педагогикалық жұмыс
3.3.	Баланың жүйке-психикалық дамуының механизмдері мен заңдылықтары
3.4.	Логопедтің кәсіби қызметін медициналық-педагогикалық тұрғыда бағалау
4 – модуль. Балалардың сөйлеуін дамытудың дәстүрлі білім беру технологиялары Оқыту нәтижесі: Білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сөйлеуін дамытудың дәстүрлі білім беру технологияларын қолдану	
4.1.	Сөздік сөйлеуді дамыту технологиялары
4.2.	Грамматикалық жүйені қалыптастыру технологиясы
4.3.	Балалардың сөйлеуінің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеу технологиясы
4.4.	Балалардың сөйлеу дамуын диагностикалау ана тілін меңгеру процесін оңтайландыру құралы ретінде

5 – модуль. Балалардың сөйлеуін дамытудың заманауи білім беру технологиялары Оқыту нәтижесі: Білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сөйлеуін дамытудың заману білім беру технологияларын меңгере отырып, практикалық түрде іске асыру	
5.1.	Ерекше білім қажеттіліктері бар білім алушыларды оқытуға арналған заманауи цифрлық кешендері
5.2.	Қазіргі заманғы білім беру логопедиялық технологияларын қолдана отырып, сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға логопедиялық көмек
5.3.	Пропи карталары шығармашылық әңгімелеуді үйрету құралы ретінде
5.4.	Тейп әдісі
5.5.	Друдл әдісі
5.6.	Виммельбух технологиясы
5.7.	«Луллий шеңберлері» технологиясы
5.8.	Литотерапия әдісі
5.9.	Мнемотехника
5.10.	Арт-терапиялық әдістер
5.11.	Биофидбэк технологиясы
5.12.	Аромотерапия
5.13.	Саусақ гимнастикалары
5.14.	Кинезиологиялық жаттығулар
5.15.	Логопедиялық жаттығуларға арналған интерактивті бағдарлама.
5.16.	Дыбыс түзетуге арналған мобильді қосымшалар
6 – модуль. Вариативті модуль Оқыту нәтижесі: Логопедтердің зерттеу жұмыстарына қатысу мүмкіндігін кеңейту	
6.1.	Зерттеу жұмысын жүргізу: Сөйлеу қабілеті бұзылған мүмкіндігі шектеулі балалардың әртүрлі санаттарына (қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу (аутизм), интеллект, есту қабілеттері бұзылған) логопедиялық көмек көрсетудің әдістері мен заманауи технологиялары
6.2.	Жоба жасақтау әдістемесі
6.3.	Жоба қорғау
Қорытынды тестілеу	

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

Бағдарламаның мақсаты – білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сөйлеуін дамытуда дәстүрлі және заманауи білім беру технологияларын қолдану саласындағы логопедтердің кәсіби құзыреттіліктерінің деңгейін арттыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- 1) балалардың сөйлеуін дамытуда дәстүрлі технологияларды қолдану саласындағы білімдерін кеңейту;
- 2) балалардың сөйлеуін дамытуда заманауи білім беру технологияларын қолдану саласында білім қалыптастыру;
- 2) балалардың сөйлеуін дамытуда дәстүрлі және заманауи білім беру технологияларын қолдану дағдыларын жетілдіру;
- 3) балалардың сөйлеуін дамытуда білім беру технологияларын негізді таңдауға және тиімді пайдалануға ықпал ету;
- 4) заманауи білім беру технологияларын талдау және олардың элементтерін білім беру ұйымдарында пайдалану дағдыларының жиынтығын қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

- 1) балалардың сөйлеуін дамытуда дәстүрлі және заманауи білім беру технологияларын қолдану саласында білімі бар;
- 2) нақты білім беру міндеттерін шешу кезінде балалардың сөйлеуін дамыту саласындағы түрлі технологиялардың педагогикалық мүмкіндіктерін айқындайды;
- 3) мектеп жасына дейінгі балалармен сөйлеуді дамыту бойынша білім беру технологияларын қолдану дағдыларын көрсетеді;
- 4) балалардың сөйлеуін дамыту саласында дәстүрлі және заманауи білім беру технологияларын іске асыруда теориялық білім мен практикалық дағдыларды біріктіреді.

Бағдарламаның практикалық маңыздылығы: педагогтер білім алушылардың кәсіптік салада дамыту үшін қажетті кәсіби құзыреттерді қалыптастырады және жетілдіреді. Курс аяқталғаннан кейін педагогтер білім алушылардың аналитикалық және сыни ойлауын, олардың эмпатиясы мен ынтымақтастық қабілетін, өзара байланысты, өзгермелі әлемде өмір сүру үшін қажетті құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған заманауи технологиялар мен білімдерді практикалық тұрғыда жүзеге асырады.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған негізгі аспектілерді қамтиды. Оқыту барысында терең түсінік пен практикалық дағдыларды қажет ететін күрделі тақырыптарды оқытумен, заманауи әдістер мен технологияларды қолдану қарастырылады. Бағдарлама «Нормативтік-құқықтық», «Арнайы педагогиканың негіздері», «Логопедтың кәсіби қызметінің клиникалық және педагогикалық негіздері», «Балалардың сөйлеуін дамытудың дәстүрлі білім беру технологиялары», «Балалардың сөйлеуін дамытудың заманауи білім беру технологиялары», «Вариативті модуль» атты 6 модульден тұрады.

Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны отандық және шетелдік білім берудегі арнайы білім берудің тұжырымдамалық түсініктері мен принциптері негізінде ашылады.

1-модуль. Нормативтік-құқықтық. Бұл модуль логопедтің кәсіби қызметінің құқықтық негізін, инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты және логопедиялық сүйемелдеуді реттейтін құжаттарды қамтиды.

Мақсаты: Педагогтерді ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жүргізуде логопед қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру және оны кәсіби тәжірибеде қолдануға үйрету.

ҚР Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарымен, логопедтің кәсіби қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді қарастырады. Оқу процесін ұйымдастыруда нормативтік құжаттарды тәжірибеде қолдануға ерекше назар аударылады.

2 - модуль. Арнайы педагогиканың негіздері. Бұл модуль логопедтерге сөйлеудің қалыптасу заңдылықтарын, сөйлеуді дамытудың әдістерін және нақты жұмыс жүйесін үйретуге бағытталған.

Мақсаты: Педагогтерге сөйлеу әрекетінің даму заңдылықтарын, сөйлеу бұзылыстары бар балалармен жұмыстың ғылыми-әдістемелік негіздерін, сөйлеуді дамыту бойынша логопедиялық жұмыстың жүйесін меңгерту.

Сөйлеу әрекетінің қалыптасу заңдылықтары мен ерекшеліктері. Сөйлеудің даму кезеңдері, сөйлеудің компоненттері, сөйлеудің қалыптасуына әсер ететін факторлар, ЕББҚ бар балаларда сөйлеу әрекетінің қалыптасуының ерекшеліктері қарастырылады. Сөйлеуді дамыту мен тілді оқытудың әдістемелік тәсілдерін талдау жүргізіледі. Сөйлеуді дамыту бойынша жұмыс кезеңдері мен сөйлеуді дамыту жұмысының құрылымы үйтеріледі. Арнайы және жалпы дамыту бағытындағы логопедиялық сабақ құрылымы. Логопедиялық картаны толтыру, балаға жеке бағдарлама құру жүргізіледі.

3 - модуль. Логопедтың кәсіби қызметінің клиникалық және педагогикалық негіздері. Бұл модуль логопедтің кәсіби қызметіне қатысты клиникалық, медициналық, психологиялық және педагогикалық негіздерді терең қамтиды. Сондай-ақ, модуль логопедтердің медицина мен педагогика түйіскен тұстағы кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған.

Мақсаты: Педагогтерге логопедиялық жұмыстың клиникалық, медициналық және педагогикалық негіздерін меңгерту, ЕББҚ бар балалармен кешенді жұмыс жүргізу тәсілдерін үйрету.

Генетикалық факторлардың баланың сөйлеу және психикалық дамуына әсері. Биологиялық және әлеуметтік өзгергіштіктің рөлі. Қалыпты дамудың кезеңдері мен сипаттамалары. Патологиялық дамудың түрлері. Командалық тәсіл: логопед, психолог, дефектолог, невропатолог, әлеуметтік педагогтың бірлескен жұмысы. Баланың жеке даму картасын жүргізу. Ата-анамен жұмыс, кеңес беру және қолдау шаралары. Ерте жастағы балаларда психо-сөйлеу дамудың ерекшеліктері. Дамуында ауытқуы бар балалардың жүйке-психикалық сипаттамалары. Сөйлеу бұзылыстарының клиникалық классификациясы. Диагностикалық әдістер. Логопедиялық қорытындыны медициналық және педагогикалық көзқарас тұрғысынан талдау. Логопедтің кәсіби құзыреттілігі мен жауапкершілігі.

4 - модуль. Балалардың сөйлеуін дамытудың дәстүрлі білім беру технологиялары. Бұл модуль логопедтерге дәстүрлі, дәлелденген әдістерге сүйене отырып сөйлеуді кешенді дамытуға мүмкіндік береді.

Мақсаты: Педагогтерге балалардың сөйлеу тілін дамытудағы дәстүрлі технологияларды меңгерту, сөйлеудің түрлі аспектілерін (лексика, грамматика, дыбыстық мәдениет) жүйелі түрде қалыптастыру және ана тілін меңгерту үдерісінде диагностиканың рөлін көрсету.

Сөздік қорды байыту әдістері. Жаңа сөздерді меңгерту және қолдануға ынталандыру тәсілдері. Грамматикалық меңгертудің әдістері. Сөз тіркестері мен сөйлем құрылымдарын дамыту жаттығулары. Грамматикалық қателерді түзетудің дәстүрлі тәсілдері. Дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету әдістері. Артикуляциялық жаттығулар жүйесі. Диагностикалық карталар мен журналдарды қолдану.

5 - модуль. Балалардың сөйлеуін дамытудың заманауи білім беру технологиялары. Бұл модуль логопедтерге ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыста заманауи, инновациялық білім беру технологияларын тиімді қолдануға бағытталған. Сонымен қатар, модуль логопедтің шығармашылық, цифрлық, сенсорлық және интерактивті құралдарды меңгеруіне жол ашады, сөйлеу бұзылысы бар балаларға жаңа көзқараспен, технологиялық қолдаумен көмек беруге мүмкіндік береді.

Мақсаты: Логопед мамандарын заманауи цифрлық, технологиялық, арт-терапиялық және шығармашылық әдістермен таныстыру, сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен жұмыс сапасын арттыруға бағытталған тиімді құралдарды меңгерту.

Онлайн платформалар. Цифрлық кешендердегі сөйлеу диагностикасы мен түзету құралдары. AR/VR технологияларды логопедияда қолдану. Коммуникативтік оқыту әдістері. Когнитивті-тілдік дамуға бағытталған әдістемелер. Қашықтан логопедиялық сүйемелдеу әдістері. Логопедиялық жаттығуларға арналған интерактивті бағдарламалар. Дыбыс түзетуге арналған

мобильді қосымшалар. Логопедиялық сүйемелдеуде қолданылатын заманауи әдістер мен технологиялар кешені.

6 - модуль. Вариативті модуль. Бұл модуль логопедтерге зерттеу жүргізу, жоба әзірлеу, және қорғау дағдыларын дамытуға, сондай-ақ сөйлеу қабілеті бұзылған әртүрлі санаттағы балалармен жұмыстың заманауи тәсілдерін меңгеруге бағытталған. Сонымен қатар, модуль логопед-педагогтің зерттеуші, жаңашыл маман ретінде кәсіби дамуына жол ашады. Мақсаты: Педагогтің кәсіби зерттеу және жобалау құзыреттілігін қалыптастыру, сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен тиімді жұмыс жүргізудің заманауи әдіс-тәсілдерін зерттеу және практикада қолдану.

Қорытынды тестілеу. Бағдарламаны мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау. Қорытынды тесттің құрылымы – 6 кесте.

Білім беру процесі төмендегі Бағдарламаның оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады (Кесте 2.).

Кесте – 2. Модуль мазмұнының сипаттамасы

№	Бағдарлама модульдері/ Модуль тақырыптары	Модуль тақырыптарының мазмұны
1	2	
1 - модуль. Нормативтік-құқықтық		
1.1.	ҚР Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары	Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» №319-ІІІ Заңы. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. «Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1143 қаулысы. «Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру

		мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. ЮНЕСКО ұстанымдары. ҚР ратификациялаған халықаралық келісімдер.
